

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## "Н" дыбысын қою . Ерекше балалармен жұмыс жоспары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.11.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/111506/>

### «Н» дыбысын қою

<b>Білімділік мақсаты:</b>	«Н» дыбысын сұрақтарға ауызша жауап беру арқылы, буындар мен сөздерді оқу негізінде қою. Есту қабілетін дамыту арқылы «Н» дыбысын ажырата білу.
<b>Дамытушылық мақсаты:</b>	Сұрақтарға ауызша жауап беру баланың есту қабілетін дамыту. Жаңа сөздермен таныстыру және соның негізінде баланың сөздік қорын молайту.
<b>Тәрбиелілік мақсаты:</b>	Үлкендерді тыңдауға және сыйлауға үйрету. Бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру.
<b>Көрнекіліктер:</b>	Суреттер, кеспе сөздер, табличкалар, «Балық аулаймыз» ойынына қатысты материалдар.

### САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

#### I. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ:

<ul style="list-style-type: none"> <li>— Бекжан, тұр. Амандас.</li> <li>— Отыр.</li> <li>— Мені тыңда. Сұрақтарға жауап бер.</li> <li>— Сенің атың кім?</li> <li>— Сенің тегің кім?</li> <li>— Сенің жасың нешеде?</li> <li>— Сен не істедің?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>— Салем апай!</li> <li>— Менің атым - Бекжан.</li> <li>— Менің тегім - Мұхан.</li> <li>— Менің жасым бесте.</li> <li>— Мен сұрақтарға жауап бердім.</li> </ul>
--	---

#### II. АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ

- Бекжан, қазір біз тілге жаттығу жасаймыз.
- Жаңғақтар жаттығуы.
- Тәтті тосап жаттығуы.

### III. ЖАҢА САБАҚ

#### «Н» дыбысының шырайын көрсету

- |   |  |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>— Бекжан, мені тыңда. Жауап бер.</li> <li>— Мынау не?</li> <li>— Дұрыс. Суретте не бейнеленген?</li> <li>— Бекжан, мынау не?</li> <li>— Мынау не?</li> <li>— Жарайсың Бекжан. Сен не істедің?</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>— Мынау - сурет.</li> <li>— Суретте шырай салынған.</li> <li>— Мынау - тіс.</li> <li>— Мынау - тіл.</li> <li>— Мен жауап бердім.</li> </ul> |
|---|--|

#### «Н» дыбысының шырайын түсіндіру

- |   |  |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>— Тілдің ұшы үстіңгі тістердің артында.</li> <li>— Мұрын қанаты дірілдейді.</li> <li>— Дауыс желбезектері дірілдейді.</li> </ul> |  |
|---|--|

#### «Н» әрпінің таңбасымен таныстыру

- |  |  |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>— «Н» дыбысы дауыссыз дыбыс.</li> </ul> |  |
|--|--|

### ТЫНЫСПЕН ЖҰМЫС

- |   |   |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>— Бекжан, қазір тынысыңды бөлмей, буындарды оқы.</li> <li>— Жарайсың. Сен не істедің?</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>— НА</li> <li>— НА __ НО</li> <li>— НА __ НО __ НУ</li> <li>— НА __ НО __ НУ __ НЕ</li> <li>— Мен оқыдым.</li> </ul> |
|---|---|

### ДАУЫСПЕН ЖҰМЫС

- |  |   |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>— Бекжан, мынау не?</li> <li>— Дұрыс.</li> <li>— Қазір буындарды оқимыз.</li> <li>— Мынау буындарды дауыстап оқы.</li> <li>— Мына буындарды жай оқы.</li> <li>— Мына буындарды сыбырлап оқы.</li> <li>— Жарайсың Бекжан.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>— Мынау - буындар.</li> <li>— НА __ НО __ НУ __ НЕ</li> <li>— АНА __ ОНО __ УНЕ __ ЕНЕ</li> <li>— АНО __ УНО __ ЕНА</li> </ul> |
|--|---|

## 1. ЖАҢА СӨЗДЕРМЕН ТАНЫСТЫРУ

— Бекжан, мынау – нан (суретін көрсету, сәйкес табличканы қою). Нанды біз жейміз.	— НАН
— Мынау – нар (суретін көрсету, сәйкес табличканы қою).	— НАР
— Міне, мынау – науа (суретін көрсету, сәйкес табличканы қою). Науадан жануарлар су ішеді.	— НАУА
— Міне, мынау – сенің анаң (суретін көрсету, сәйкес табличканы қою).	— АНА

## 1. ЕСТУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

— Бекжан, мені дұрыстап тыңда.	— Бала сәйкес сурет пен табличканы тауып, оқиды.
— Мен қазір сөздер айтамын, сен суретін көрсет.	— НАР
— НАР	— НАУА
— НАУА	— НАН
— НАН	— АНА
— АНА	
— Өте жақсы.	

## 1. VI. «БАЛЫҚ АУЛАУ» ОЙЫНЫ

— Бекжан, қазір біз ойын ойнаймыз?	— Мынау – балықтар.
— Бұл – не?	— НА __ НАН.
— Дұрыс. Қазір сен балық аулайсың.	— НА __ НАР.
Балықтардың артында сөздер бар. Соларды оқы.	— НА __ НАУА.
	— НА __ АНА.
— Бекжан, жарайсың.	

## VII. САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

— Бекжан, сен қандай дыбыспен таныстың?	— Мен «Н» дыбысымен таныстым.
— «Н» дыбысы бар сөздер айтшы.	— Нар. Нан. Ана.
— «Н» дыбысы қандай дыбыс?	— «Н» дыбысы дауыссыз дыбыс.

## VII. БАҒАЛАУ

Бекжан, сен бүгін сабаққа өте жақсы қатыстың.

## VIII. САБАҚТЫ АЯҚТАУ

— Бекжан, сен сабақта не істедің?

— Жарайсың. Апайлармен қоштас.

— Мен оқыдым.  
— Мен тыңдадым.  
— Мен ойнадым.  
— Сау болыңыздар!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.